

УДК 340.142

**Касиев Толеген Базарбаевич**

аға оқытушы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.  
e-mail: KTolegen@mail.ru

## СОТ ШЕШІМІНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ШАҒЫМ БЕРУ ТӘРТІБІ

*Бұл мақалада сот шешіміне апелляциялық шағым беру тәртібі қарастырылған. Заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне апелляциялық тәртіппен шағым жасалуы және наразылық келтірілуі мүмкін. Сот шешіміне апелляциялық шағым жасау құқығы тараптарға және іске қатысушы басқа да тұлғаларға тиесілі. Іске қатысуға тартылмаған, бірақ құқықтары мен міндеттеріне қатысты сот шешім қабылдаған адамдар да апелляциялық шағым беруге құқылы.*

**Түйін сөздер:** аудандық, апелляция, шағым, пікір, өндіріс.

*В данной статье рассмотрены особенности подачи апелляции на решение суда. Постановления суда, не вступившие в законную силу, могут быть обжалованы и опротестованы в апелляционном порядке. Право на обжалование решения суда принадлежит сторонам и другим лицам, участвующим в производстве. Лица, которые не участвуют в деле, но чьи решения связаны с их правами и обязанностями, также имеют право подать апелляцию.*

**Ключевые слова:** производство, рассмотрение, апелляция, жалоба.

*This article describes the features of filing an appeal to the court decision. Court orders that have not entered into force may be appealed and challenged on appeal. The right to appeal a court decision belongs to the parties and other persons involved in the proceedings. Persons who are not involved in the case, but whose decisions are related to their rights and obligations, also have the right to appeal.*

**Keywords:** production, consideration, appeal, complaint.

Аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттар азаматтық істер бойынша сот актілерін: шешімдер, анықтамалар, қаулылар, бұйрықтар нысанында қабылдайды.

Іс мәні бойынша шешілетін бірінші сатыдағы соттың сот актісі шешім нысанында шығарылады.

Заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне апелляциялық тәртіппен шағым жасалуы және наразылық келтірілуі мүмкін. Сот шешіміне апелляциялық шағым жасау құқығы тараптарға және іске қатысушы басқа да тұлғаларға тиесілі. Іске қатысуға тартылмаған, бірақ құқықтары мен міндеттеріне қатысты сот шешім қабылдаған адамдар да апелляциялық шағым беруге құқылы.

Апелляциялық шағым шешім шығарған сот арқылы беріледі.

Шағым сотқа іске қатысушы адамдардың саны бойынша көшірмелермен беріледі.

Қажет болған жағдайларда судья апелляциялық шағым берген адамды іске қатысушы адамдардың саны бойынша апелляциялық шағымға қоса берілген жазбаша дәлелдемелердің көшірмелерін беруге міндеттей алады.

Шағым түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспайтын адамдар шешімнің көшірмесін жіберген күннен бастап берілуі мүмкін.

Мемлекеттік сатып алуды жүргізуді тексеру

қорытындылары бойынша уәкілетті органның шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына дау айту туралы істер бойынша шағым шешім шығарылған күннен бастап он күн ішінде берілуі мүмкін.

Апелляциялық шағымда, прокурордың өтінішхатында:

1) апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты жіберілетін соттың атауы;

2) апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын беретін тұлғаның атауы;

3) шағым жасалатын немесе прокурордың апелляциялық өтінішхаты бойынша қайта қаралатын шешім және осы шешімді шығарған соттың атауы;

4) әдетте қолданылуға жататын заңдарға және іс материалдарына сілтеме жасай отырып, сот шешімінің заңсыздығы немесе негізсіздігі неден көрінетіндігіне нұсқау;

5) шағым жасалып отырған немесе прокурордың апелляциялық өтінішхаты бойынша қайта қаралып отырған шешімнің заңдылығын қандай бөлігінде тексеру керек екендігіне және шағымды, прокурордың өтінішхатын беретін тұлғаның қандай өзгерістер енгізуді талап ететініне нұсқау;

6) шағымға, прокурордың өтінішхатына қоса берілетін құжаттардың тізбесі;

7) шағым, прокурордың өтінішхаты берілген күн және шағымды, прокурордың өтінішхатын беретін адамның қолтаңбасы қамтылуға тиіс.

Өкіл қол қойған шағымға сенімхат немесе істе мұндай құжат болмаса, өкілдің өкілеттігін куәландыратын өзге де құжат қоса берілуге тиіс. К жалобе, подписанной представителем, должна быть приложена доверенность или иной документ, удостоверяющий полномочия представителя, если в деле отсутствует такой документ.

Апелляциялық шағымда бірінші сатыдағы сотта мәлімделмеген талаптар қамтылмайды.

Бірінші сатыдағы сотқа ұсынылмаған жаңа дәлелдемелерге сілтеме жасауға, егер шағымда оларды бірінші сатыдағы сотқа ұсынудың мүмкін еместігінің негіздемесі болса, оның ішінде, егер адам бірінші сатыдағы сотқа іске қатысуға тартылмаса, сондай-ақ егер бірінші сатыдағы сотта оларды зерттеу немесе талап ету туралы өтініш мәлімделген болса, бірақ ол қанағаттандырусыз қалдырылған болса, жол беріледі [2].

Апелляциялық шағым ҚР АІЖК 403-бабының екінші бөлігінде және 404-бабында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін жағдайда судья ұйғарым шығарады, онда шағымды қозғалыссыз қалдырады және шағым берген тұлғаға кемшіліктерді түзету үшін мерзім тағайындайды [1].

Егер шағым берген тұлға белгіленген мерзімде ұйғарымдағы нұсқауларды орындаса, шағым сотқа алғашқы ұсынылған күні берілген болып есептеледі.

Апелляциялық шағымды қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарым шағым беруге және наразылық келтіруге жатпайды.

Апелляциялық шағым оны берген адамға мынадай жағдайларда: шағымды қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарымда судьяның нұсқаулары белгіленген мерзімде орындалмаған; шағым берген адамның өтініші бойынша; егер шағым беру мерзімі өтіп кетсе және шағымда оны қалпына келтіру туралы арыз болмаса немесе оны қалпына келтіруден бас тартқан кезде; Егер шағымды оны беруге немесе қол қоюға құқығы жоқ адам берсе қайтарылады. Апелляциялық шағымды қайтару туралы ұйғарымға шағым жасалуы, наразылық келтірілуі мүмкін.

Бірінші сатыдағы соттың судьясы ҚР АІЖК 403 және 404-баптарының талаптарына сәйкес келетін және мерзімінде берілген апелляциялық шағымды алғаннан кейін шағым түскеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей іске қатысушы адамдарға шағымның және оларға қоса берілген жазбаша дәлелдемелердің көшірмелерін не

соттың интернет-ресурсы арқылы олардың электрондық көшірмелерімен танысу мүмкіндігі туралы хабарлама жібереді.

Шағымдану, наразылық келтіру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін іс апелляциялық сатыдағы сотқа жіберіледі.

Апелляциялық шағымдану, наразылық келтіру үшін белгіленген мерзім аяқталғанға дейін істі соттан ешкім талап ете алмайды.

Іске қатысушы адамдар, сондай-ақ іске қатысуға тартылмаған, бірақ сот құқықтары мен міндеттеріне қатысты шешім қабылдаған адамдар сотта іс материалдарымен, сондай-ақ келіп түскен шағымдармен және оларға қарсылықтармен танысуға құқылы.

Іске қатысушы тұлға шағымға немесе наразылыққа пікірді апелляциялық сатыдағы сотқа, іске қатысушы басқа тұлғаларға шағымға қатысты қарсылықтарды растайтын құжаттарды қоса бере отырып жібереді. Апелляциялық сатыдағы сотқа жіберілетін пікірге іске қатысушы басқа тұлғаларға пікірдің жіберілгенін растайтын құжат да қоса беріледі.

Пікір сот отырысы басталғанға дейін онымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін сот белгілеген мерзімде жіберіледі.

Пікірге іске қатысушы адам немесе оның өкілі қол қояды.

Өкіл қол қойған пікірге сенімхат немесе өкілеттігін растайтын өзге де құжат қоса беріледі.

Апелляциялық шағым, наразылық бойынша апелляциялық сатыдағы сот істе бар және ұсынылған материалдар бойынша істің нақты мән-жайларын анықтаудың, материалдық құқық нормаларын қолданудың және түсіндірудің дұрыстығын, сондай-ақ істі қарау және шешу кезінде азаматтық іс жүргізу Заңы нормаларының сақталуын тексереді [3].

Апелляциялық шағыммен немесе наразылықпен істі алған апелляциялық сатыдағы Судья бірінші сатыдағы соттың ҚР АІЖК 405-бабының талаптарын орындауын тексереді және апелляциялық шағымда немесе наразылықта баяндалған дәлелдерді ескере отырып, істі апелляциялық сатыдағы соттың іс жүргізуіне қабылдау және істі қарауға дайындау туралы ұйғарым шығарады. Іс өндіріске қабылданған күннен бастап он күн мерзімде ҚР АІЖК 165-бабында көзделген әрекеттерді жүргізеді. Апелляциялық сатыдағы сот іске қатысушы адамдарға, отырыстың уақыты мен орны туралы хабарлайды.

Апелляциялық сатыдағы сотта іс, ҚР АІЖК-

не белгіленген жағдайларды қоспағанда, ол сотқа келіп түскен күннен бастап екі ай мерзімде қаралуға тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ //adilet.zan.kz
2. Басин Ю.Г., Сулейменов М.К, Гражданское право. Том 1. А., 2012.
3. Гражданское право: Под. ред. С.П. Гришаева – М., Юрист, 2012.

**Касиев Төлеген Базарбаевич**

**Лауазымы:** азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

**Почталық мекен-жайы:** Индекс 071400, Семей қ., Западная 28

**Сот.тел:** 87774260300

**Сот шешіміне апелляциялық шағым беру тәртібі**

**Касиев Төлеген Базарбаевич**

**Должность:** старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет г.Семей

**Почтовый адрес:** Индекс 071400 г. Семей, ул. Западная 28

**Сот. тел:** 87774260300

**Порядок подачи апелляционной жалобы на решение суда**

**Kasiev Tolegen Bazarbaevich**

**The procedure** for filing an appeal against a court decision. Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

**Mailing address:** Index 071400, Semey, st.Zapadnaya 28

**Position:** senior lecturer of the Department of Civil Law Disciplines of the Kazakh Humanitarian and Law Innovation University

**Mob.phone:** 87774260300

**The procedure for filing an appeal against a court decision**